

8 дәріс. Италия музейлері

Мақсаты: студенттерге Италия музейлерінің тарихы, олардың әлем мәдениетіндегі алатын орны туралы оқытып үйрету болып табылады.

Дәрістің жоспары:

1. Бари. Пинакотека. Бергамо. Каррар академиясы. Болонья. Ұлттық Пинакотека.
2. Венеция. Академия галереясы, Кверини Стампаль галереясы, Коррер қалалық музейі. Венецияның XVIII ғасыр музейі.
3. Милан. Кастелло Сфорческо. Польша-Пеццоли музейі. Амброзиан Пинакотекасы. Брер Пинакотекасы.
4. Неаполь. Каподимонте музейі. Перуджа. Умбрия Ұлттық галереясы.
5. Рим. Боргезе галереясы. Ватикан музейі. Капитолия музейі. Турин. Сабауда галереясы.
6. Флоренция. Уффици галереясы. Академия галереясы. Палаццо Веккио. Палатина галереясы.

Кілт сөздер: музеология, музейтану, көркемсурет, галерея, ЮНЕСКО, ИСОМ

Бари. Пинакотека. Бари қаласындағы Пинакотека XI-XIX ғасырдағы батысеуропалық өнердің озық үлгілерін жинақтаған. 1928 жылы негізі қаланған. Музей қоры Италия шіркеулері, монастырлары, Неопол және Рим галереясынан алынған заттар, сондай-ақ Ескі Пинакотеканың қосылуы нәтижесінде толыққан. Музей экспозициясында антикалық мүсіндер коллекциясы, ортағасырлық дәуір заттары, Қайта өркендеу дәуірінің итальяндық шеберлерінің полотнолары қойылған. Музей құндылықтарының қатарында Антонио және Бартоломео Виваринидің, Парис Бордоненің, Якоп Тинтореттоның жұмыстары бар.

Бергамо. Каррар академиясы. Каррар академиясы Италиядағы өнер туындыларының бай коллекциясын экспозициялап отырған ірі музейлердің бірі. Галерея 1793 жылы граф Джакомо Каррардың коллекциясы негізінде ашылған. 1810 жылы Симон Элидің жобасымен арнайы галерея үшін неоклассикалық үлгідегі ғимарат салынған. Музей жанынан арнайы бөлек ғимаратта ашылған өнер мектебі 1988 жылы Академия болып қайта құрылған. Музей қоры ашылған күннен бастап сатып алу мен сыйға тарту нәтижесінде толығып келеді. Қазіргі таңда музей қорында 1800 көркемсурет полотносы, мүсін, гравюра, сурет, жиһаз, қола бұйымдар, медальдар коллекциясы бар. Көркемсуреттердің негізгі дені XV-XIX ғасырларға саятын итальян шеберлерінің туындылары, атап айтқанда, Лоренцо Лотто, Эваристо Баскенис, Джованни Морини, Каналетто, Антонио Пизанелло, Сандро Боттичелли, Андреа Матиньи, Рафаэль, Джованни Баттиста Тьеполо жұмыстары бар. 1991 жылы Каррар академиясына Қазіргі заман галереясы қосылған, ғимараты қарама-қарсы орналасқан. Бұл галерея экспозициясы 10 залдан тұрады, онда XX ғасырдағы итальян және шетел шеберлерінің жұмыстары қойылған, олардың қатарында Умберто Боччони, Джакомо Балла, Джорджо Моранди, Василий Кандинский, Джакомо Манцу жұмыстары бар.

Болонья. Ұлттық Пинакотека. Болонья қаласындағы Ұлттық Пинакотека Италиядағы ірі әрі қызықты өнер галереясы. Музей XVIII ғасырдың басында университет кварталында құрылған. Музей қорының негізі шіркеу мен ғибадатханалардан түскен коллекциялар, коллекционерлерден алынған және сыйға тартылған туындылардан құралған. Музей экспозициясында Болон мектебі (Симон де Крочефисс, Виталь да Болонья, Гвидо Рени, Гверчино, Агюстино және Аннибал Караччи, Франческо Франча, т.б.), Феррар шеберлері (Франческо дель Косса, Эркол де Роберти, т.б.), сондай-ақ Венециан мектебі суретшілерінің еңбектері қойылған. Перуджиноның «Мадонна құрметі», Рафаэльдің «Әулие Цецилидің экстазға енуі» атты туындысы, сондай-ақ Джотто, Тициан, Эль Греко туындылары әлемдік құндылықтар қатарында.

Венеция. Академия галереясы. Венеция Академия галереясы Италиядағы өнер туындыларын сақтап отырған ірі мекеме. 1807 жылдан бүгінгі күнге дейін Венецияның тарихи-мәдени ескерткіші, 1452 жылы архитектор Бартоломео Бонаның жобасымен салынған Санта Мария делла Карита шіркеуі ғимаратында орналасқан. Академия галереясы Венециан мектебінің ең бай жинағын сақтап экспозициялаған. Экспозицияда Венециан мектебі туындылары хронология бойынша қойылған. Экспозициядағы ерте өркендеу дәуірінен Паоло және Лоренцо Венециан, XV ғасыр көркемсуретінен Джоанни және Джентиле Беллини, Андреа Мантенья жұмыстары, Виттор Карпаччоның «Әулие Урсул өмірінің көріністері», Джорджоненің «Найзағай» атты туындылары, XVI ғасыр көркемсуретінен Тицианның жұмыстары, Якоп Тинтореттоның «Құлдың кереметі», Паоло Веронездің «Левия үйіндегі ойнасауық» атты туындысы, Лоренцо Лотто туындылары, XVII-XVIII ғасырлардағы Франческо Нварди, Каналетто, Джованни Батиста Пьяцетт, Пьетро Лонги, Джованни Батиста Тьеполо жұмыстары құндылықтар қатарында.

Венеция. Кверини Стампаль галереясы. Кверини Стампаль галереясы Венециядағы ерекше музейдің бірі. 1869 жылы Кверини Стампаль коллекциясы негізінде құрылған, Үлкен Канал өзенінің сол жақ жағасында орналасқан. 20 залдан тұратын музей экспозициясында XIV-XVIII ғасырдағы итальян шеберлерінің туындылары қойылған, солардың қатарында Пальма Веккьюдің «Қасиетті пікір алысу», Андре Скьявонның «Әулие Павелдің бейнесі», Лоренцо ди Кридидің «Мадоннаға табыну», Пальма Джованның «Автопортрет» және «Адам және Ева», Джованни Батистаның «Дж.Кверини портреті», Пьетро Лонгидің «Жазықтағы аңшылық», Бернардо Строццидің «Балалы Мадонна», Джованни Беллинидің «Храмға алып келу» атты туындылары бар. Сондай-ақ Рафаэль, Тициан, Якоп Тинторетто, Паоло Веронез, Джованни Беллини туындылары әлемдік құндылықтар қатарында.

Венеция. Коррер қалалық музейі. Венециядағы Коррер қалалық музейі де өте қызықты, ерекше музейлердің бірі. Музей қоры 1830 жылы патриция Теодор Коррердің қалаға сыйға тартқан коллекциясы негізінде құрылған. 1922 жылға дейін музей Коррер сарайында орналасқан, содан кейін Жаңа прокуратураның напалеондық бөлігіне көшірілген. Музей тарихи

коллекциялар, Рисорджиминто музейі, Картиналар галереясынан тұрады. Картиналар галереясы 3-қабатта орналасқан, 19 залдан тұрады. Онда ортағасырлық көркемсуреттер мен қыш-құмыра бұйымдары экспозицияланған, сонымен қатар италян шеберлері Паоло және Лоренцо Венециан, Козимо Тур, Бартоломео Виварини, Виттор Карпаччо, Лоренцо Лотто, Антонелло да Мессин, Венециан шеберлері Джованни, Якоп және Джентил Беллини, басқа мектептерден Үлкен Питер Брейгель («Волхтарға бас ию»), Гуго ван дер Гус («Жазалау»), Дирк Боутс («Бала ұстаған Мадонна») және Үлкен Лукас Кранахтың бірнеше жұмыстары қойылған. Антонио Канованың «Делал және Икар» атты мүсіні де әлемдік құндылықтар қатарында.

Венеция. Венецияның XVIII ғасыр музейі. Венецияның XVIII ғасыр музейі 1745 жылы архитектор Джорджо Массари жобасымен салынған Үлкен канал бойындағы Паллаццо Реццонко ғимаратында орналасқан. 1935 жылы сарайды қала әкімшілігі сатып алып, оны XVIII ғасырдағы Венециан аристократтарының интерьері қойылған музейге айналдырған, 1936 жылы 25 сәуірде ресми ашылған. Қолданбалы өнер туындыларының озық үлгілері, инкрустацияланған жиһаздар, XVII ғасыр фламан гобелендері, Мурано аралы шеберлері жасаған венециан шынылары, фрескалар, Розальба Карер, Джованни Батиста Пьяццетта, Ян Лисса, Джозеппе Цайса, Франческо Гварди жұмыстары экспозицияланған. XVIII ғасыр шебері Джованни Баттиста Тьеполо, Пьетро Лонги жұмыстарына арнайы зал бөлінген. Сондай-ақ аптекар дүңгіршігі, Марионеткалар театры, XVIII ғасыр Венециан қуыршақтары, тұрмыстық заттар экспозицияланған.

Милан. Кастелло Сфорческо. Кастелло Сфорческоның XV ғасырда арнайы тапсырыспен салдырған ғимаратында орналасқан бұл музейде өнер туындыларының бай коллекциясы сақталған. Музей экспозициясын жасауға Донатто Браманте, Микеланджело Буанарроти сияқты атақты суретшілер қатысқан. Бүгінде Кастелло Сфорческо 4 музейден тұрады. Д'арте Атика, Музыка аспаптары, Археологиялық қазбалар табылымдары және Пинакотекка. Монеталар, жиһаздар, қолданбалы өнер туындыларының мол қоры сақталған, көркемсурет шеберлерінен Андреа Мантеньи, Чезар да Сесто, Джованни Беллотто, Каналетто, т.б. жұмыстары экспозицияланған. Микеланджелло Буанарротидің «Пьетта Ронданини» атты аяқталмаған мүсіні әлемдік құндылықтар қатарында.

Милан. Польши-Пеццолли музейі. XIX ғасырдың үшінші ширегінде өнертанушы Джакомо Польши-Пеццолли жинаған қолданбалы өнер коллекция негізінде құрылған италян көркемөнерінің құнды туындыларын сақтап отырған музейлердің бірі. 1881 жылы музей иесі коллекциясын мемлекетке өткізген. Музей экспозициясы стиль бойынша құрылған, әр стиль бір залға орналастырылған. Онда көркемсурет мектептері, қолданбалы өнер туындылары, алтын бұйымдар, фарфорлар, қыш-құмыралар, маталар, кілемдер, құм және механикалық сағаттар, зергерлік бұйымдар, жиһаздар, қару-жарақтар экспозицияланған. Андреа Мантеньи, Сандро Боттичелли, Антонио Поллайоло, Джованни Франческо, Винченсо Фопп, Джованни

Антонио Больраффио, Козимо Тур, Пальма Веккью, Джованни Батиста Тьеполо, Каналетто, Франческо Айец, Франческо Гварди, Үлкен Лукас Кранах жұмыстары қойылған.

Милан. Амброзиан Пинакотекасы. Амброзиан Пинакотекасының негізі 1618 жылы архиепископ Фредерик Борромей коллекциясы негізінде қаланған. XV-XX ғасырлар италиян көркемсурет туындыларын жинақтаған. Музей залдарында Қайта өркендеу дәуірінен Сандро Боттичелли, Бартоломео Виварини, Леонардо да Винчи, Доменико Гирландойо, Брамантино, Якопо Тинторето, Паоло Веронез; фрескалардан Бернардино Луини, Рафаэль, т.б. жұмыстары қойылған, сондай-ақ Моретто да Брешиа, Гвидо Рени, Франческо Айец, Микеланджело да Караваджо, Ян Брейгел туындылары, мүсінші Антонио Канова, Альберт Торвальдсен жұмыстары қойылған.

Милан. Брер Пинакотекасы. Брер Пинакотекасы Өнер Академиясы студенттеріне көрнекі оқу материалы ретінде құрылып, 1882 жылы өз алдына жеке мекеме болған. Музей қорында 400 полотно сақталған. Музей экспозициясында Андреа Мантенья, Донатто Браманте, Пьер делла Франчеса, Рафаэль, Джованни Беллини, Паоло Веронез, Микеланджело да Караваджо, Якоп Тинторетто, Франческо Айец, Амедео Модильяни, Рембрандт, Питер Пауль Рубенс, Антонис ван Дейк жұмыстары қойылған.

Неаполь. Каподимонте музейі. Каподимонте музейі Фарнезе әулеті коллекциясы негізінде 1738 жылы архитектор Джованни Антонио Медрано жобасымен салынған король Обейх Сицилидің жаздық резиденциясында құрылған, көпшілік үшін 1787 жылы ашылған. Музейде Геркуланум және Помпей қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарынан табылған заттар, XVIII ғасыр қолданбалы өнер туындылары, гобелендер, қола, алтын бұйымдар, қарулар, фарфорлар, Каподимонте фабрикасынан шыққан мойоликалар, көне тарихи бұйымдар экспозицияланған. Сондай-ақ Тицианның 9 полотносы, Симон Мартини, Микеланджело да Караваджо, испандық Хусеп Рибер жұмыстары құндылықтар қатарында.

Перуджа. Умбрия Ұлттық галереясы. Умбрия Ұлттық галереясының құрылуы 1573 жылы құрылған Дизень істер Академиясының ашылуымен байланысты. Мұндағы өнер коллекциясын Академия оқу ісі мақсатында жинаған, соның негізінде 1863 жылы осы галерея құрылған. Музей XIII ғасырда салынған Палаццо Деи Приори ғимаратының 3-қабатында орналасқан. Экспозицияның негізгі бөлігі Орталық Италия шеберлері (Пьер делла Франческо, Пинтуриккьо, Дуччо ди Буонинсенья, Фра Анджелико, т.б.) туындыларын қамтиды. Экспозицияда қолданбалы өнер туындылары қыш құмыралар, гобелендер, алтын, шіркеу бұйымдары қойылған.

Рим. Боргезе галереясы. Боргезе галереясы Италиядағы ірі өнер коллекциясын экспозициялап отырған музей. Бай әулеттен шыққан XVII ғасырдың бас кезінде жинақталған Сципион Боргезе коллекциясы негізінде құрылған, коллекцияны толықтыруды кейін ұрпақтары жүзеге асырған, көпшілік үшін 1902 жылы ашылған. Музей 1613-1615 жылдары архитектор Вазанцио жобасымен салынған Боргезе вилласында орналасқан. Галереяда 560 полотно қойылған. Экспозиция Қайта өркендеу дәуірі ескерткіштерінен

басталады, онда Пьер ди Козимо, Перуджино, Лоренцо ди Креди, Сандро Боттичелли, Рафаэль, Корреджо, Джованни Беллини, Джорджоне, Паоло Веронез, Тициан, Микеланджело да Караваджо, Лоренцо Бернини туындылары, Антонио Канова мүсіндері қойылған.

Рим. Ватикан музейі. Ватикан музейі құрамына Антикалық музей, Этриск өнері музейі, Египет музейі, пинакотека, гобелендер галереясы, географиялық карталар галереясы, кітапхана, тарихи апартаменттер енеді. Ватикан ғимараты XV ғасырда салынған. Музей ғимаратын салуға және оны көркемдеуге белгілі итальян суретшілері Пьетро Перуджино, Лоренцо Лотто, Джованни Содомо, Бальдассаре Перуджи, т.б. қатысып, өз қолтаңбаларын қалдырған. XVI ғасырдың басында Юлии II папа Ватиканға жұмыс жасауға Донато Браманте, Микеланджело Буонарроти, Рафаэль Сантиді шақыртқан, олар Ватикан қабырғасын фрескамен өрнектеген. 1517-1524 жылдары Ватикан қабырғасын өрнектеуді сол атақты шеберлердің шәкірттері жалғастырған. Ватикан қабырғалары мен күмбездерінің өзі музей экспозициясын қамтамасыз етеді. Ватикан пинакотекасында діни тақырыптардағы картиналар топтастырылып, 15 залға экспозицияланған. 15-зал портреттерге арналған.

Рим. Капитолия музейі. Капитолия музейі — итальяндық ерекше көне өнер туындыларын сақталған кешенді мекеме. Музей Капитолия алаңында орналасқан, Микеланджело Буонаротти жобасымен салынған Палаццо нуово, Палаццо консерватория, Палаццо каффарелли деп аталатын ансамбльдік ғимараттарда орналасқан. Музей кешенінің тарихы папа Сикст IV-ге 1471 жылы қала тұрғындары сыйға тартқан археологиялық коллекциядан басталады. Палаццо нуовода археологиялық заттар, Палаццо консерваторияда көркемсурет туындылары экспозицияланған, Палаццо каффарелли көрмелерді насихаттайды. Капитолия музейі антикалық туындыларға өте бай, мұнан ежелгі гректік, ежелгі римдік шеберлердің атақты «Спинарио», «Геркулес», «Өліп бара жатқан галл», «Капитолия қасқыры» жұмыстарын, антикалық философтар мен ақындардың бюсттарын көруге болады. «Капитолия Венерасы» атты антикалық мүсін әлемдік шедеврлер қатарында. Көркемсурет коллекциясы қатарында Тицианның «Христостың табынуы», Гвидо Ренидің «Әулие Себастьян», Гверчиноның «Петронилді өлтіру», Питер Пауль Рубенстің «Ромул және Рем» полотнолары қойылған. Капитолия алаңында орналасқан Санта-Мария-ин-Арачели шіркеуінің қабырғалары Бернардино Пинтуриккьо, Беноццо Гоццолли, Пьетро Каваллини фрескаларымен өрнектелген. Музейде 1880 жылы герцог Чини сыйға тартқан фарфорлар коллекциясы экспозицияланған.

Турин. Сабауда галереясы. Бұл корольдық Турин сарайынан алынған коллекция негізінде 1833 жылы құрылған, Италиядағы ерекше өнер туындыларын сақтап отырған мекемелердің бірі. 1865 жылдан бастап музей 1679 жылы архитектор Гварино Гварини жобасымен салынған Ғылым Академиясы ғимаратының үшінші қабатында орналасқан. Музей тек көне шеберлер көркемсуреттерін ғана экспозициялайды. Коллекцияның негізгі мазмұнын итальяндық Қайта өркендеу дәуірі суретшілерінің жұмыстары құрайды, олар: Дуччо ди Буонинсенни, Фра Анджелико, Антонио Поллайоло,

Филиппино Липпи, Джироламо Савальдо, Луки Синьорелли, Джованни Беллини, Паоло Веронез, Якоп Тинторетто, Тициан, Якопо Бассано. Музей экспозициясында барокко дәуірінің итальяндық көркемсуреттері қойылған, олардың қатарында Орацио Джентилески, Гверчино, Гвидо Рени, Себастьяно Риччи, Франческо Солимен, Джузеппе Мари Кресли т.б. шеберлер туындылары бар. Музей сондай-ақ фломандық, нидерландылық көркемөнер туындыларын коллекциялаған. Музей залдарынан Ян Ван Эйк, Петрус Кристиус, Ганс Мемлинг, Рембрандт, Давид Тенирс, Рогир Ван дер Вейден, Питер Пауль Рубенс, Антонис Ван Дейк жұмыстарын тамашалауға болады.

Флоренция. Уффици галереясы әлемдегі ірі өнер галереясының бірі. Музей негізі флоренциялық билеуші Медичи әулеті коллекциясы негізінде қаланған. Музей 1565-1574 жылдары герцог Медичи I тапсырысы бойынша суретші-архитектор Джорджо Вазари жобасымен салынған ғимарата орналасқан. Сарай атауы итальян тілінен аударғанда «концелярия» деген мағынаны береді және алғашында ғимаратта әкімшілік мекеме орналасқан. Музей 1575 жылы Медичи коллекциясы жаңа ғимаратқа көшкенде құрылған, 1789 жылдан көпшілік үшін ашылған. Музей құндылықтары — өнер туындыларының озық үлгілері. Мұнда аты шыққан флоренциялық суретшілер туындылары жинақталған, атап айтқанда, Чимабуэ, Джотто ди Бондоне, Мазаччо, Андреа Верроккью, Филиппо Липпи, Леонардо да Винчи, Лоренцо ди Кристи, Андреа дель Сарто, Джованни Баттиста Россо. Сандро Боттичеллидің «Көктем аллегориясы», «Шолпанның тууы», Микеланджело Буонарротидің «Мадонна Дони», Симон Мартинидің «Жарылқау», Рафаэльдің «Афтопортрет», «Папа Лев I», «Мадонна баламен бірге», Пармиджаниноның «Ұзын мойынды Мадонна», Пьеро делла Франческидің «Герцог Федерико да Монтефельтро және оның әйелі», Джорджо Вазаридің «Ұлы Лоренцо портреті», Джованни Беллинидің «Жан алғыш», Тицианның «Магдалинаның күнәсін мойындауы», «Флора», «Венера Урбинская», «La Bella», Милеланджелло да Караваджоның «Вахх» сияқты туындылары әлемдік құндылықтар қатарында. Сондай-ақ Рембрандт, Питер Пауль Рубенс, Антонис Ван Дейк, Диего Веласкес, Бартолом Эстебан Мурильо сияқты атақшы шеберлер жұмыстары экспозицияланған. Музейдегі графика коллекциясы XVI ғасырдан бастау алады. Афтопортреттер коллекциясы Уффици құрамындағы жеке музей статусына ие болған.

Флоренция. Академия галереясы. Музей 1561 жылы Флоренция Академиясы негізінде қалыптасқан, XIII-XVIII ғасырдағы италяндық шеберлер жұмыстарын экспозициялайды. Музей экспозициясының негізгі бөлігі флоренциялық суретшілер мектебіне арналған, Бернардо Дадди, Андреа Орканьи, Таддео Гадди, Паоло Учелло, Доменико Гирландейо, Сандро Боттичелли, Андреа дель Сарто, Джамболоньи, Лоренцо Манакко, Филиппино Липпи, Джованни да Милано жұмыстары қойылған. Музей коллекциясында итальяндық готикалық көркемсурет туындылары, орыс икондары бар. Микеланджело Буонарроти шығармашылығына арналған арнайы залда атақты шебердің «Пьета Палестрина», «Әулие Матвей» аяқталмаған мүсінін, Юлия II

папа қабіріне арналған құлдар мүсіндерін және әлемдік құндылық қатарындағы атақты «Дивид» мүсінін көруге болады.

Флоренция. Палаццо Веккио. Музей XIII ғасырдың соңында архитектор Арнольф ди Камбио жобасымен салынған, кезінде қала әкімшілігі резиденциясы болған, 94 метрлік мұнарасы бар, Синьори алаңында орналасқан сәулет өнерінің ескерткіші болып саналатын ғимаратта орналасқан. Палаццода итальяндық көне шеберлердің суреттері мен мүсіндері сақталған. Ғимараттың ішкі интерьерін және қабырға фрескаларын салуға атақты суретші Джордж Вазари және т.б. атақты суретшілер атсалысқан. Климен VII залының қабырғасындағы «Флоренция осадасы» деп аталатын фреска әлемге танымал. Музейге кіре беріс залда Микеланджело Буонарротидің атақты «Давид» мүсінінің көшірмесі қойылған. Көшірме жасауға осы музейде сақталған түпнұсқаның 1873 жылы Флоренция Академиясы галереясына әкелілуі себеп болған. Сарайда Аньоло Бронзино, Джованни Санти, Джулиано да Майано, Доменико Гирландайо картиналары, Андре Верроккью, Баччо Бандинелли, Джамболоньи, Бартоломео Амманати мүсіндері экспозицияланған. Мұнда Донателлоның «Юдифь», Микеланджело Буонарротидің «Күшін сынап жатқан ақылды» атты атақты туындылар қойылған. 1928 жылы сарайдың 2-кабатына американдық өнертанушы Чарльз Лозердің көркемсурет коллекциясы орналастырылған. Бұл коллекция құрамында Тино ди Камаино, Педро Берругете, Аньоло Бронзини, Бенвенуто Челлини, т.б. шеберлердің картиналары мен мүсіндері бар.

Флоренция. Палатина галереясы. Италияның ірі өнер музейлерінің бірі саналатын бұл мекеме ғимараты Флоренцияның билеуші династиялары өкілдері тұрған Палаццо Питти сарайында орналасқан. Сарай ғимараты XV ғасырда атақты архитекторлар Филипп Брунеллески мен Бартоломео Амманатти жобасымен салынған. Галерея негізінен XIV-XVI ғасырлар шеберлері жұмыстарын экспозициялайды, олардың қатарында Сандро Боттичелли, Филиппо Липпи, Андреа дель Сарто, Корреджо, Пьетро да Кортон, Тициан, Якоп Тинторетто, Микеланджело да Караваджо жұмыстары бар. Рафаэльдің «Мадонна» топтамасынан «Мадонна делла седиа», «Мадонна дель Грандука», «Мадонна дель Импанната», «Балдахинадағы Мадонна», портреттер топтамасынан «Кардинал Томмазо Ингирами», «Донна Велата», «Донна Гравида», «Мадалена Дони», «Кардинал Бибиен», «Аньоло Дони», діни полотнодан «Иезекииляның көрінуі», т. б. жұмыстары бар. Питер Пауль Рубенстің «Төрт философ», «Соғыс ісі» жұмыстары, сондай-ақ Антонис Ван Дейк, Диего Веласкес жұмыстары экспозицияланған. Музейге басқа суропалық мектеп суретшілерінің туындылары да қойылған.

Сұрақтар:

1. Болоньядағы Ұлттық Пинакотека.
2. Венеция музейлерінің туризм орталығы ретіндегі қызметі.
3. Милан музейлері, түрлері, бағыттары.

Әдебиеттер:

1. Словарь античности. – М.: Прогресс, 1989.
2. Грегори Мина. Уффици и Питти: көркемсурет галерей Флоренции. – М.: Слово, 1999.
3. Фуко М. Слова и вещи. Археология гуманитарных наук. – СПб., 1994.
4. Юренева Т.Ю. Музей в мировой культуре. М., 2003;
5. Музееведение. Музеи мира. М., 1991;